

**Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы № 154 "Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 199 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 ақпанда N 14-3-83 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 84 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 29.03.2013 № 84 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 387-бабына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы № 154 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде 14-3-75 нөмірімен тіркелген, 2009 жылы 1 тамызда "Кентау шұғыласы" газетінің 32 нөмірінде жарияланған) шешімінің 1-тармағында "378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары" деген сөздерден кейін "автотұраққа, автомобиль май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған)" және казино орналасқан жерлерді қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы* М.Тұрысбеков

*Қалалық мәслихатының хатшысы* Е.Аширов